ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2026 жыл 30 маусым.
Үшарал қаласы

№ 246
город Ушарал

Алакөл ауданы Жағатал ауылдық округі жерлерінен ғимараттар (құрылыстар мен құрлысжайлар) салу және оған қызмет көрсету үшін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттыққа (аукциондарда) шығарылатын жер учаскесінің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Респбуликасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және 2026 жылғы 18 маусымдағы «Алакөл ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №01-18/1453 хатына сәйкес, Алакөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес, сауда-саттыққа шығарылатын Алакөл ауданы Жағатал ауылдық округі жерлерінен ғимараттар (құрылыстар мен құрылысжайлар) салу және оған қызмет көрсету үшін, 4 (төрт) жыл мерзімге, уақытша өтеулі пайдалану құқығына жалпы көлемі 5,0 га жер телімінің тізбесі бекітілсін.
2. Сауда-саттықты (аукционды) өткізу нысаны электронды түрде ұйымдастырылсын.
3. Сауда-саттық бағаны көтеру әдісімен өткізілсін.
4. Осы қаулының №2 қосымшасына сәйкес, сауда-саттыққа шығарылатын сауда объектінің бастапқы бағасы және кепілдік жарнаның мөлшері бекітілсін.
5. Осы қаулының №3 қосымшасына сәйкес, сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуге қажетті барлық құжаттар рәсімделіп, жалдау ақысының есеп мөлшері бекітілсін.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.М.Қабаевқа жүктелсін.

РАСТАЙМЫН
КОПИЯ ВЕРНА

Аудан әкімі **А.Абдинов**